

Б. А. Таңсықбаева

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮСТЕУ СӨЗ ТАБЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚТАРЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеу сөз табының сөзжасамдық жұрнақтары жан-жақты зерттеліп, әр қырынан талданып жүр. Мәселен, көпшілікке белгілі А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» оқулығында үстеудің 8 түрлі жұрнағы бар деп, мына жұрнақтар берілген: 1)-**ша**, **-ше** (құсша); **-лай**, **-лей**, **-дай**, **-дей**, **-тай**, **-тей** (екіншілей, жастай, күздей); **-дайын**, **-дейін**, **-тайын**, **-тейін** (түлкідейін, жорғадайын); **шалық**, **-шама** (мұншалық, соншама); **-лап**, **-леп**, **-дап**, **-деп**, **тап**, **-теп** (жаяулап, темірлеп); **-шылап**, **-шілеп** (сиыршылап, Бейсеншілеп); **-қары**, **-кері** (ішкері, сыртқары); **-ын**, **-ін**, **-сын**, **-сін** (қысын, жазын, ертеңгісін) /1. 338-339/.

1989 жылы баспадан шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда үстеу сөзжасамы мәселесін тіл білімінің зерттеуші ғалымы Қ. Есенов үстеу сөзжасам жұрнақтарына қатысты тың пікірлер айта отырып, көптеген жаңалықтар қосқан. Атап айтқанда, үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының құрамына байланысты тың пікірлерін тілдік материалмен дәлелдей отырып, ғалым ағамыз үстеудің 29 жұрнағына талдау жасаған. Олар төмендегідей: **ын/-ін**: қысын, жазын, әшейін, жырын (кеткен); **-ман/-мен**: ертемен, бермен; **-лы / -лі**: ертелі; **-дай/-дей**: жаздай, жебірдей, бүтіндей, екіншілей; **-ша /-ше**: қазақша, қоңырша; **-лап / -леп**: абайлап, ақшалап, емізектеп; **-латып / -летіп**: түнделетіп, күндіздетіп; **-лата /-лете**: біржолата, жаяулата, борандата; **-рақ / -рек**: әрірек, бертінірек, артқарак; **-лау /-леу**: қызылдау, жұпынылау; **-ен**: кешен; **-ау / -еу**: кешеу; **-сыз / -сіз**: доғарусыз, абайсызда; **-ғай / -гей**: желбегей, елбегей, көбінекей; **-ы / -і**: әуелі, ақыры, дәйімі, арнайы; **-шаң / -шең**: киімшен, жейдешен, күтімшен, дамбалшаң; **-са / -се**: көбінесе, әлесе; **-лас / -лес**: арналас, еншілес, қарбалас; **-ыс /-іс**: асығыс, қағыс; **-кірім / -құрым**: кешқұрым, кешкетұрым, кешкірім; **-дыз /- діз**: күндіз; **-ғаш / -геш**: алғаш; **-дық / -дік**: әредік; **-ай / -ей**: жолай; **-нау / -неу**: көрнеу; **-би** немесе **-бей**: бейтарап, бибарақат, бижай; **-ыртын / -іртін**: астыртын, үстіртін; **-қары / -кері**, **-ғары/-гері**: тысқары, жоғары, ішкері /2. 331-341/.

2002 жылғы «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында мына жұрнақтар үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары деп берілген: **-ша**, **-ше**: балаша,

биылша, қазіргіше; **-ай**: жолай, солай; **-сын**, **сін**: кешкісін, ертеңгісін; **-ын**, **-ін**: қысын, жазын, жырын; **-ен**: кешен; **-қары**, **кері**: тысқары, ішкері; **-рақ**, **рек**: жоғарырақ, төменірек; **-дай**, **-дей**, **тай**, **-тей**, **-лай**, **-лей**: бүгінгідей, ойдағыдай; **-лықты**: оншалықты; **-латып**, **-летіп**: қарлатып, борандатып, түнделетіп; **-ыртын**, **-іртін**: астыртын, үстіртін; **-шама**: осыншама, соншама; **-лық**: осыншалық, соншалық; **-ты**: осыншалықты, соншалықты; **-лап**, **леп**: ондап, жүздеп, әдейілеп; **-ақана**: қасақана; **-а**: жорта /3. 159-161/.

Әрине, оқулықта аталған кейбір жұрнақтарға байланысты талас пікір айта аламыз. Мәселен, **-шама**, **-шалық**, **-шалықты** құранды жұрнақтарының құрамындағы жұрнақтардың әрқайсысын дара жұрнақ деп берген. Біз бұл пікірге қосылмадық. Оған мына мәселелер себеп болды:

1) түркі тілдерінің біразында олар құранды жұрнақ деп танылған. Мәселен, қарақалпақ тілінде: ушунғалақ, анчалық, ошончаук деген туынды үстеулер **-чалық** жұрнағы арқылы жасалған деп саналады. Қазақ тілінде де олар құранды жұрнақ деп танылып жүр /1. 339/.

2) **-шама** жұрнағының құрамындағы **-ма** тек **-ша** жұрнағымен бірге ғана үстеу жасайды, жеке өздігінен үстеу жасамайды: соншама, осыншама, мұншама. Сондықтан **-шама** құранды бір жұрнақ деп танылды.

3) **-шалық** жұрнағындағы **-лық** жұрнағы да **-ша** жұрнағынсыз үстеу жасамайды. Мысалы: соншалық, оншалық, мұншалық, осыншалық. Сондықтан ол біртұтас құранды жұрнақ деп танылды.

4) **-шалықты** жұрнағының құрамындағы **-ты** жұрнағы да жеке тұрып үстеу жасамайды, тек осы құрамда ғана туынды үстеу жасайды. Сондықтан ол да осы құрамда үстеу жұрнағы деп танылды.

Осындай себептерге сүйеніп, оқулықта **-ша**, **-ма**, **-лық**, **-ты** жұрнақтарын дербес жұрнақ деген пікірге дау айта аламыз.

Қазақ тіліндегі үстеу мәселесін ғылыми еңбек тұрғысында зерттеген еңбектерді зерделей келе, бұл мәселеде ғалымдар арасында тұрақталмаған, яғни ғылыми тұрғыда дәлелденіп, бір шешімге келмеген мәселелерге назар аударуды жөн санадық. Біріншіден қазақ тіл біліміндегі зерттеулер мен оқулықтарда үстеудің сөзжа-

самдық жұрнақтары туралы пікір алалығы болса, екіншіден, кейбір еңбектерде үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары мүлдем жоқ деп, әр сөз табының тілдік бірліктері арқылы қалыптасқан сөз табы деген пікірлер де жоқ емес. Бұндай пікірді ғалым Ж. Сарбалаевтың еңбегінен кездестіруге болады /4. 30-31/.

Бұл мақалада ғылымдағы сөзжасам ілімінің бай теориялық жаңалықтарына, қазақ тілінің бай тілдік деректеріне сүйене отырып, оларды талдау, сұрыптау нәтижесінде қазіргі қазақ тілінде үстеудің 47 сөзжасамдық жұрнағы бар деп айта аламыз. Бұндай пікірге келмес бұрын, түркі және қазақ тілдеріндегі зерттеу жұмыстары мен оқулықтар материалдарында көрсетілген үстеу сөзжасам жұрнақтары туралы пікірлерді көркем әдеби шығармалар тіліндегі материалдармен салыстыра отырып, осындай пікірге тоқтадық. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарына мына жұрнақтарды жатқыздық: **-ғары/-гері,-қары /-кері, -ары, ері:** ілгері, тысқары; **-ры, -рі, -ра:** ары, бері, соңра; **нөлдік жұрнақ:** бірге, зорға, алда, арттан, алдан; **-ғай, -кей:** жапатармағай, ыңғай, шалғай, көбінекей, қырқай; **-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей:** қыстай, жаздай, күздей; **-ман, -мен:** әрмен, бермен, арман, өлермен; **-ай:** жолай, солай, олай; **-бай:** жолшыбай; **-ре:** үдере; **-еу:** шетеу; **-шау, -жау:** оқшау, шанжау; **-ын:** қысын, жазын, ақырын, жасырын; **-ғаш:** алғаш, қиғаш; **-сын, -сін:** кешкісін, ертеңгісін, едәуірдегісін, кешегідесін; **-е:** іле; **-тын, -тін:** әртін, бертін; **-бей, -би:** бижай, битарпап, (бейтарап); **-ы, -і:** үнемі, ақыры, арнайы, ұдайы, өмірі, ғұмыры; **-ша, -ше:** орысша, адамша, мұнша; **-латып, -летіп:** борандатып, шулатып, желдетіп; **-аң, -ең:** желең; **-са, -се:** тарса, көбінесе; **-діз:** күндіз; **-кірім:** кешкірім, кешқұрым, кешкітұрым; **-зде:** ілезде; **-шама:** мұншама, соншама, осыншама; **-шалық:** соншалық, мұншалық осыншалық; **-лы, -лі:** жаяулы (жалпылы), шандулы, жабулы, бағаналы; **-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп:** қасықтап, дәлдеп; **-лата, -лете:** жақындата, қалындата, борандата; **-шылап, -шілеп:** сиыршылап, күйеушілеп; **-бегей, -егей:** желбегей, елегей; **-лана, -лене:** зорлана, шыдамсыздана; **-сыз, сіз:** байқаусыз, қимылсыз, ықтиярсыз; **-ыс, іс:** қағыс, бұрыс; **-ар, -ер:** азар, әзер, бетер; **-и:** жори; **-та:** жорта; **-ақана:** қасақана; **-шалықты:** оншалықты, осыншалықты; **-дық, -дік:** әредік; **-шаң, -шең:** өміршең, күтімшең; **-нау, -неу:** көрнеу; **-ыртын, -іртін:** астыртын, үстіртін; **-дайын, -дейін:** түлкідейін, қыстайын, сұңқардайын; **-ық, -ік:** дүрік (соққан жел), толық (тапсырды); **-ыл:** ғұпыл (қалма), қапыл (қалма).

Әрине, бұл жұрнақтардың мағынасы да, сөзжасамдық қабілеті де сан алуан. Үстеу жұрнақтарының мағынасы бай, бір жұрнақтың өзі әр түрлі мағынада қолданылатынын айта кеткен жөн. Сөзжасамдық жұрнақ мағынасын ашу үшін, алдымен олардың жалпы мағынасын ашу қажет. Сондықтан үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарын жалпы мағынасына қарай топтап алу керек. Жалпы мағына деп отырғанымыз, үстеу сөз табының мағыналық топтары, яғни жұрнақтарды үстеудің мағыналық топтарына қарай топтастырып алдық. Олар: 1) мекен мәнді жұрнақтар; 2) мезгіл мәнді жұрнақтар; 3) мөлшер мәнді жұрнақтар; 4) сын (бейне) мәнді жұрнақтар; 5) мақсат мәнді жұрнақтар; 6) күшейту мәнді жұрнақтар; 7) себеп – салдар мәнді жұрнақтар. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының жалпы мағыналары үстеудің мағыналық топтарына сәйкес келеді. Бұлай топтастыру арқылы үстеудің әр мағыналық тобының қандай жұрнақтар арқылы жасалатыны анықталды.

Үстеудің әр мағыналық тобының ішкі мағыналық ерекшеліктері бар, ол еңбекте жалпы мағынасы бір әр жұрнақтың өз мағыналық ерекшелігі арқылы, яғни модельдегі сөзжасамдық типтің мағынасы арқылы көрсетілді. Мысалы, **«3 +ыртын, -іртін моделі.** Бұл модель арқылы астыртын, үстіртін үстеулері жасалған. Бұл үстеулер қимылдың жеңіл-желпі, жасырын жасалған мәнін көрсетеді. Мысалы, астыртын хабарластың, астыртын келісті, үстіртін жасады, үстіртін бітірдік т.б. бұл мысалдан қимылдың жасырын жасалғанын білдіріп, қалай хабарластың? қалай жасады? деген сұрақтарға жауап беріп, сын (бейне) үстеуін жасағанын аңғару қиын емес. Бұл модель сын (бейне) мәнді жұрнақтар тобында берілген, одан осы жұрнақ арқылы жасалған үстеу сын (бейне) үстеуіне жататыны байқалды. Екіншіден, осы жұрнақ арқылы жасалған сөзжасамдық тип қимылдың жасырын, жеңіл-желпі жасалатынын білдіреді. Сонымен, әр модель, яғни сөзжасамдық тип белгілі мағынаны білдіретіні байқалды. Сол арқылы үстеудің әр мағыналық тобының ішкі мағыналық ерекшелігі ашылады. Сондықтан жұрнақтар мағыналық топқа бөлініп берілумен бірге, түрлі модельдер, сөзжасамдық типтер қолданылды.

Айталық, мекен мәнді жұрнақтар тобында **14 модель**, яғни 14 сөзжасамдық типтің бары; мезгіл мәнді жұрнақтар тобында **21 модель**, яғни 21 сөзжасамдық типтің бары; мөлшер мәнді жұрнақтар тобында **8 модель**, 8 сөзжасамдық типтің бары; сын (бейне) мәнді жұрнақтар тобында **22 модель**, яғни 22 сөзжа-

самдық типтің бары; мақсат мәнді жұрнақтар тобында **5 модель**, яғни 5 сөзжасамдық типтің бары; күшейту мәнді жұрнақтарда **6 модель**, яғни 6 сөзжасамдық типтің бары, себеп –салдар мәнді жұрнақтарда **2 модель**, яғни 2 сөзжасамдық типтің бар екені анықталды. Үстеудің 7 мағыналық тобын жасайтын 47 жұрнақ осы жеті мағыналық топта 78 сөзжасамдық тип жасаған, ол 78 түрлі сөзжасамдық мағына дегенді айғақтайды. Бұл үстеу жалпы 7 мағыналық топтан құралғанымен, олардың әр мағыналық тобы іштей бірнеше мағыналық реңктен құралады дегенді білдіреді.

Үстеу жұрнақтарының қолданысы, өнімді, өнімсіздігі туралы мәселеге көңіл аударайық. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының тілдің сөзжасам жүйесінде атқаратын қызметі әр түрлі. Өте өнімді, тілге көп туынды үстеулер қосқан сөзжасамдық жұрнақтар да бар, өте аз, тіпті бірлі-жарым туынды үстеулер де қосқан жұрнақтар да бар. Олар құрамы жағынан да әр түрлі.

С. Исаев бұл туралы мынадай пікір айтқан: «Сондай-ақ сөзжасамның жеке-жеке үлгілерінің жаңа сөз жасауда, сөйтіп, тілдің лексикалық құрамын байтуды рөлі бірдей, біркелкі емес. Бір сөзжасам үлгілері арқылы жүздеген, мыңдаған жаңа сөздер жасалып, тілдің сөздік құрамынан берік орын алады, ал екінші бір сөзжасам үлгілері негізінде бірлі-жарым ғана жаңа сөз жасалған болып шығады» /5. 282/. Осы мәселеге байланысты ғалым өнімді, өнімсіздік мәселесін сөз етеді: «Өйткені солардың нәтижесінде туған лексемалар тілдің сөздік құрамын жалпы байытып қана қоймайды, сонымен бірге нақты сандық жағынан да көрініп, әрбір үлгінің сөзжасамдық қатарының ұзақ қысқалығын көрсетіп отырады» /5. 283/.

Осы тұрғыдан келгенде, үстеу жұрнақтарының ішінде жоғарыдағы талдауда үстеудің -ша, -ше жұрнағы бірнеше сөзжасамдық үлгі ғана емес, одан да күрделірек бірнеше сөзжасамдық тип арқылы талай туынды үстеу жасағаны анықталды. Сонымен бірге -ша, -ше жұрнағы ең көне жазба ескерткіштер тілінен бастап, түркі тілдерінің бәрінде, оның ішінде қазақ тілінде әлі белсенді түрде сөзжасамдық қызмет атқарып келеді. Міне, осы ұзақ уақыттың ішінде -ша, -ше жұрнағы колда бар деректерге сүйенсек, сегіз жүздей туынды үстеу жасаған, бірақ ол дерек тілдегі -ша, -ше жұрнағы арқылы жасалған үстеулерді толық қамтымауы да мүмкін. Сондықтан С.Исаев айтқандай ол мыңдаған туынды үстеу жасаған жұрнақ қатарына жатуы да мүмкін. Қалай болғанда да, **-ша, -ше** жұрнағы бірнеше

сөзжасамдық тип арқылы ұзақ уақыт ішінде тілге мол туынды үстеу қосқан өте өнімді жұрнақ. Үстеу жұрнақтарының ішінде өнімділігі жағынан бұл жұрнаққа еш жұрнақ тең келе алмайды, сондықтан ол **өте өнімді жұрнақ** деп танылды.

Үстеудің тағы бірсыпыра жұрнақтары өте өнімді деп танылды, олар –елуден аса жүзге тарта туынды үстеу жасаған жұрнақтар. Туынды үстеу жасайтын **өте өнімді жұрнақтар** деп мына жұрнақтар танылды:

- 1) –лап, –леп, –дап, –деп, –тап, –теп;
- 2) –латып, –летіп, –датып, –детіп, –татып, –тетіп;
- 3) –лата, лете, дата, дете, –тата, –тете.

Бұл жұрнақтардың мағыналары жақын, сондықтан олар сөйлеуде бірінң орнына бірі қолдануға болатын кездері де бары байқалды. Осы жұрнақтардың әрқайсысы жүзге тарта туынды үстеу жасаған. Алайда, аталған жұрнақтардың ішінен өте өнімді жұрнақтардың бірі –лап, –леп жұрнағы арқылы жасалған туынды үстеулерді мысалға келтірейік: жұмалап, айлап, күнделеп, апталап, тәуліктеп, кешелеп, бүгіндеп, сағаттап, минуттап, секундтап, қазандап, кебежелеп, шанаштап, шелектеп, шәшкелеп, шөміштеп, шөпшектеп, қасықтап, бөтелкелеп, қырмандап, деңгейлеп, дендеп, даралап, тонналап, килолап, грамдап, тиындап, теңгелеп, мысқалдап, тәшке-леп, тостағандап, жырымдап, егіздеп, жүздеп, мыңдап, миллиондап, екеулеп, үшеулеп, ондап, елулеп, отыздап, жиырмалап, ақырындап, баяулап, бөлектеп, түбегейлеп, топтап, қиюлап, сыналап, оюлап, мұншалап, осыншалап, үстемелеп, біртіндеп, біртепелеп, қазақшалап, орысшалап, өзбекшелеп, ұйғыршалап, қырғызшалап т.б.

Әрине, үстеу жұрнақтарының бәрі мұндай өнімді емес. Біраз жұрнақтар жиырмандан аса туынды үстеу жасаған, оған өнімді жұрнақтар саналды, оларға мына жұрнақтар жатады: -дай, -дей, -сыз, -сіз нөлдік жұрнақ, -лана, -лене, -дайын, -дейін. Бұл жұрнақтардың әрқайсысы жиырмандан аса туынды үстеу жасаған.

Сондай-ақ тілде бірден онға дейін ғана туынды үстеу жасаған **өнімсіз жұрнақтар** да бар, олар тілде бірсыпыра, ол топқа мына жұрнақтарды жатқыздық: **-шама, -шалық, -шалықты, -ыс, -іс, -ын, -ін, -шылап, -шілеп, ыртын, -іртін, -тын, -тін, -лы, -ғары, -гері, би (бей), -шаң –шең, -сын, -сін, -ман, -мен, -ан, -ең, -ғай, -діз, -кірім, -зде, -дік, -аң, -ең, -а, -е, й, -бегей, -егей, -ар, -нау, -неу, -ы, -і, -и, -та, -ры, -рі, ай, -бай, -ре, -еу, -шау, -ғаш, -са, -се, -лы, -лі, -лана, -қана, -ық, -ік, -ыл, іл.**

Осы жұрнақтардың да іштей айырмасы бар, бұлардың ішінде бір –екі ғана туынды үстеу жасап, өзінің сөзжасамдық қызметін тоқтатқан, бірлі-жарым туынды үстеулердің құрамында ғана сақталған жұрнақтар бар, олар **өлі жұрнақ** саналды. Олар мыналар: - **бай** (жолшыбай), -**ре** (үдере), -**еу** (шетеу), -**шау** (оқшау), -**ғаш** (алғаш), -**е** (іле), -**ең** (желен), -**діз** (күндіз), -**кірім** (кешкірім), -**зде** (ілезде), -**и** (жори), -**та** (жорта), -**ақана** (қасақана), -**дік** (әредік), -**неу** (көрнеу), -**ыл** (қапыл).

Сөзде өлі жұрнақ бары көбіне түбір сөзге қарап ажыратылады. Бұл өлі жұрнақпен қолданылған уәждеме сөздердің бәрі – тілде бұл жұрнақтарсыз қолданылып жүрген сөздер, сол арқылы олардың уәждемелік қызмет атқарып тұрғаны анықталды. Мысалы, жолшының тілегі, үдей түсті, шет кетті, оқтын – оқтын келеді, (оқ бойы алыс), алда отыр, ілуде біреу, іле кетті, желдей есті, күн сайын, кеш батты, жора-жолдас, қас адам, әрі жүр, мынаны көр, қапы қалма. Мұнда өлі жұрнақпен қолданылған уәждеме сөздердің ол жұрнақтарсыз тілде қолданылатыны дәлелденді. Алайда, тілде үстеудің өлі жұрнақтары көп екені анық байқалды.

Қорыта келгенде, үстеуде өте өнімді жұрнақтар бары, олардың кейбірі арқылы жасалған туынды үстеулер саны мыңға тарта екені анықталды. Мұндай дерек бұрын ешбір жұрнақ туралы ғылымда кездеспеді. Осыған қоса жүздің маңында туынды үстеу жасаған жұрнақтар да

өте өнімді, сөзжасамда белсенділік қызмет атқарады деп саналды.

Барлық сөз табының құрамында кездесетін өнімсіз жұрнақтар үстеуде де бар. Үстеу жұрнақтарының бір ерекшелігі – мұнда өлі жұрнақтар көп болып шықты. Бұл тіл дамуының тағы біререкшелігі, үстеудің көне сөзжасам жүйесінің бір көрінісі.

Сонымен, жүзден мыңға дейін туынды үстеу жасаған жұрнақтары бар үстеуді морфологиялық тәсілмен жұрнақ арқылы туынды үстеу жасамайтын сөз табы деп санаудың қате пікір екені нақтылы тілдік деректер дәлелдеді.

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Университеттер мен педагогикалық институттың филология факультеттеріне арналған оқу құралы, «Мектеп», А., 1991. - 381 б.

2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: «Ғылым». 1989. - 367 б.

3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. А., 2002. - 189 б.

4. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері (оқу құралы). - Алматы: «Арыс». 2002. - 148 б.

5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы. «Рауан», 1998. - 303 б.

\*\*\*

В статье рассмотрены словообразовательные суффиксы наречий современного казахского языка. Суффиксы подразделены на две категории: продуктивные и непродуктивные.

\*\*\*

The article deals with word-forming suffixes of modern Kazakh language adverbs. The suffixes are classified as productive and non productive.

*А. Тасымов*

## ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕР

Жергіліктің халық тілінің ерекшеліктері тіл фактілері арқылы ғана анықталады. Халықтың сөйлеу тіліндегі негізгі ерекшеліктерді толық қамтып, тіл фактілерін салыстырып, жан-жақты зерттегенде ғана диалект мәселелері дұрыс шешіледі. Күнделікті өмірдегі ең қажетті ұғымдар мен түрлі құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын сан алуан лексикалық элементтердің (ай, жер, су, мал, ақ, қара, көру, айту т.б) бәрін де біз жергілікті қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен таба аламыз. Халық сөйленістерінің әр алуан диалектілік ерекшеліктері бар. Ол әр алуан ерекшеліктердің бір бөлігі сөйлеу тілінің лексика саласында, сөз тұлғалары

мен мағыналарында айқын сезіледі. Сөйленістегі лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса, кейбір лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты болады.

Жергілікті халық тілінде кездесетін лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздегі белгілі сөз тудырушы жұрнақтардың жәрдемімен жасалған туынды сөздер. Қазақ диалектологиясында қалыптасқан дәстүр бойынша тіліміздегі диалектизмдерді заттық мағынасына қарай өзара бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Біз сөз еткелі отырған тақырыбымыз: